

# AQTÓGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»


Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

Aqtogai aýdandyq qoǵamdyq-saiası basylym

@aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 6 (7948)  
Жұма  
9 ақпан  
2024 жыл



## Ауызбіршілікпен табанды еңбек етуіміз керек

«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталған Жолдауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев негізінен әлеуметтік-экономикалық бағытқа басымдық берді. Осы ретте Мемлекет басшысы сөзін халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өтуден бастады. Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өскенін, дәрігерлердің де айлығының айтарлықтай көбейгенін айтты. Расында олардың табысы қазіргі таңда еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Одан бөлек халыққа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді.

– Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар

жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады, – деді Президент. Жолдауда сонымен қатар еліміздегі ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары, адам құқығын қорғау саласындағы

манызды қадамдар, сыртқы саудасаттықтың бұрын болмаған деңгейге көтерілуі, әділдік, инклюзивтік және үнемшілдіктің жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналуы, еліміздің туристік әлеуетін арттыру, ауылшаруашылығы саласындағы реформалар, энергетикалық қауіпсіздік мәселелері және басқа да көптеген түйткілді жайттар көтерілді.

Маған ерекше әсер еткені – Президентіміздің Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасын алға тарта отырып, ел азаматтарын адал қоғам құруға шақыруы болды. Шынында да, қоғамдағы көптеген өзекті мәселелер шешімі осы адалдық қасиеттің жоқтығынан туындайтыны рас. Адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды. Еліміздің іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыламыз тең болуы үшін келер ұрпақ алдындағы міндетімізге адал болып, ауызбіршілігімізбен табанды еңбек етуіміз керек.

Т.Қарашолақов,  
Ә.Ермеков атындағы  
орта мектебінің мұғалімі

## Мемлекет дамуының жаңа бағдары

Жолдау – елдегі саяси маусымның бастауы ғана емес, мемлекет дамуының жаңа бағыт-бағдарын айқындайтын елеулі оқиға.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, біз аз ғана уақыт ішінде елімізде бірегей саяси реформаларды сәтті іске асырдық. Ал жаңа кезеңде аталған өзгерістерді экономикалық-әлеуметтік бастамалармен бекемдей түсудің маңызы зор. Сондықтан, Мемлекет басшысы Жолдауда еліміздегі экономикалық саясаттың жаңа моделін қалыптастыруға басымдық берді. Жарияланған бастамалар ауқымды, кешенді әрі сан салалы десек, қателеспейміз. Себебі олардың қатарында орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау әрі қорғау, елге инвестиция тарту, агроөнеркәсіпті дамыту, бәріне бірдей түсінікті, ашық, әділетті салық саясатын жүргізу және т.б. маңызды бастамалар көп, – деді ол.

Мемлекет басшысы АЭС салу мәселесін де назардан тыс қалдырған жоқ. «Жолдауда күрделі мәселелерге

нақты шешімдер ұсынылды. Әсіресе, су мәселесі мен көлік-логистика саласындағы проблемаларға ерекше назар аударылды. Президентіміз аталған бағыттардың маңызын ескере отырып, қордаланған мәселелердің жүйелі шешімі ретінде жаңа министрліктер құру туралы бастама көтерді. Бүгін тиісті Жарлыққа қол қойылғанын баршаңыз жақсы білесіздер. Президентіміз АЭС салу мәселесін де назардан тыс қалдырған жоқ. Бұл жерде Мемлекет басшысы ұлтымыздың қасиетті тарихи тәжірибесіне және бүгінгі қоғамдық пікірге ерекше назар аударып отырғанын байқадық. Сондықтан, Қасым-Жомарт Кемелұлы аталған мәселені жалпыұлттық референдумға салу туралы ұстанымын жария етті. Мұндай ашықтық және халықтық шешімді биік қою қағидаты азаматтар тарапынан қызу қолдау тауып отыр.

Е.Қалиясқаров,  
Ақтоғай ауданы мұрағатының  
архившісі

\* Ақорда

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

Құрметті Үкімет мүшелері және жиынға қатысушылар!

Жаңа Үкіметтің алғашқы кеңейтілген отырысын бастаймыз. Ең алдымен, Премьер-Министр Олжас Абайұлы Бектеновті осы жоғары лауазымға тағайындалуымен құттықтаймын. Үкімет табысты жұмыс істейді деп сенемін. Бүгін біз былтыр атқарылған жұмысты қорытындылаймыз. Сондай-ақ алдағы кезеңнің басты міндеттеріне тоқталуымыз керек.

Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Алдыңғы Үкімет осы бағытта біраз жұмыс істеді. Кеше мен бұрынғы Премьер-Министр Әлихан

Қазіргі жағдайда экономикамыздың мейлінше еркін дамуына мән беруіміз қажет. Елімізді дамуың жаңа белесіне шығарамыз десек, бұл жұмысты жедел және дәйекті түрде жүргізген жөн. Мен былтырғы Жолдауыма жаңа экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Сондықтан бүгін мен қазіргі экономикалық ахуалға қатысты өзекті мәселелерге тоқталамын.

**БІРІНШІ.** Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты



Смайыловқа алғысымды білдірдім.

Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Сондықтан Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат – баршаңызға белгілі.

Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни, нақты жеке бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жал-пы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге, шын мәнінде, сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, бағыт еректе ету керек.

Алдағы міндеттерді орындау үшін Үкіметке де, әкімдіктерге де тиісті құзырет берілген. Алайда бұл мүмкіндіктер көп жағдайда дұрыс қолданылмай жатады. Соның кесірінен реформаларды жүзеге асыру қарқыны бәсеңдеп кетті. Мұндайды доғару қажет.

Мемлекеттік органдар арасында өзара келісу мен талқылау жұмысы аяқталғанша, кез келген бастаманың негізгі мән-маңызы да өзгеріп кетеді. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болуы қажет. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

міндет болып қала береді.

Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді.

Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалады, стратегиялық мақсаттар соның көлеңкесінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындауы керек.

Енді бюджеттің кіріс бөлігіне келейік. Қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатыр. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерім болуын қамтамасыз етуі керек. Алайда бизнес қауымдастығында бұл құжат, ең алдымен, салық мөлшерлемесін өсіруді көздейді деген пікір қалыптасып отыр. Қазақстанда түпкі мәні өзгеріп кеткен қосылған құн салығының өзін реформалау қажет. Оны 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеру мәселені шешпейді. Сарапшылар қосылған құн салығын көтеру көлеңкелі экономиканың үлесін арттырып, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы ықтимал деп орынды пікір білдіріп жатыр. Бұл қадам еліміздің инвестициялық тар-тымдылығына да кері әсер етуі мүмкін.

(Жалғасы 3-бетте).

\* Ақорда

## Үкіметтің жаңа құрамы жасақталды

Қазақстан Республикасы Президентінің ҚР Премьер-Министрін тағайындау туралы ЖАРЛЫҒЫ

2024 жылғы 06 ақпан

Олжас Абайұлы Бектенов – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев  
Астана, Ақорда, 2024 жылғы 6 ақпан No 447

### Үкіметтің жаңа құрамы туралы Жарлығы

Роман Васильевич СКЛЯР – Премьер-Министрдің бірінші орынбасары,  
Ғалымжан Тельманұлы ҚОЙШЫБАЕВ – Премьер-Министрдің орынбасары –  
Үкімет Аппаратының Басшысы,

Мұрат Әбуғалиұлы НҮРТІЛЕУ – Премьер-Министрдің орынбасары – ҚР  
Сыртқы істер министрі,

Нұрлан Серікұлы БАЙБАЗАРОВ – Премьер-Министрдің орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі,

Тамара Босымбекқызы ДҮЙСЕНОВА – Премьер-Министрдің орынбасары,

Серік Мақашұлы ЖҰМАНҒАРИН – Премьер-Министрдің орынбасары,

Руслан Фатихұлы ЖАҚСЫЛЫҚОВ – ҚР Қорғаныс министрі,

Ержан Сапарбекұлы СӘДЕНОВ – ҚР Ішкі істер министрі,

Азамат Несіпбайұлы ЕСҚАРАЕВ – Әділет министрі,

Мәди Төкешұлы ТӨКІЕВ – Қаржы министрі,

Алмасадан Майданұлы СӘТҚАЛИЕВ – Энергетика министрі,

Ақмарал Шәріпбайқызы ӘЛНАЗАРОВА – Денсаулық сақтау министрі,

Айдарбек Сейіпұллы САПАРОВ – Ауыл шаруашылығы министрі,

Шыңғыс Сайранұлы ӘРІНОВ – Төтенше жағдайлар министрі,

Бағдат Батырбекұлы МУСИН – Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі,

Ғани Бектайұлы БЕЙСЕМБАЕВ – Оқу-ағарту министрі,

Ерлан Нұралыұлы НЫСАНБАЕВ – Экология және табиғи ресурстар  
министрі,

Саясат НҮРБЕК – Ғылым және жоғары білім министрі,

Нұржан Молдиярұлы НҮРЖІГІТОВ – Су ресурстары және ирригация  
министрі,

Аида Ғалымқызы БАЛАЕВА – Мәдениет және ақпарат министрі,

Ермек Боранбайұлы МАРЖЫҚПАЕВ – Туризм және спорт министрі,

Марат Кәрімжанұлы ҚАРАБАЕВ – Көлік министрі,

Светлана Қабыкенқызы ЖАҚЫШОВА – Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі,

Қанат Бисімбайұлы ШАРЛАПАЕВ – Өнеркәсіп және құрылыс министрі,

Арман Абайұлы ШАҚҚАЛИЕВ – Сауда және интеграция министрі.

\* Аудан әкімдігінде

## Балалар қауіпсіздігі – басты назарда

Адам құқығы – бала құқығын қорғаудан басталады. «Бала болашағымыз» деп бала атаулы қашанда ерекше қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж екенін ескерсек, бұл заң жүзінде реттеліп, бекітілуі тиіс. Ал, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» заңға сәйкес тегіне, нәсіліне және ұлтына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге деген көзқарасына және тұрғылықты мекенжайына қарамастан барлық баланың құқығы тең.

Ақтоғай ауданы әкімдігінің жанындағы көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөнінде аудандық комиссия отырысы өтті. Жиынға төрағалық еткен аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов балалар құқығын қорғау бағытындағы жұмыстарды сапалы атқару керектігін баса айтты.

Күн тәртібінде көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу,



рухани панасыз қалудың, зорлық зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру жөнінде аудан көлемінде атқарылған жұмыстар қаралды.

Жиын барысында оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, түнгі беймезгіл уақытта жүруін шектеу, ұсақ құқық бұзушылықтарды болдырмау бағытында тиісті сала басшыларына тапсырмалар

берілді.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов: – Құрметті кеңеске қатысушылар! Бүгінгі жиында бірқатар мәселелерді талқыладық. Біраз ұсыныс-пікірлер айтылды. Бұл жөнінде тиісті тапсырмалар берілетін болады және бұл тапсырмалардың уақытында, сапалы орындалуы жөнінде тиісті мекеме басшылары жауапты болады, – деп көмелетке толмаған жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігіне байланысты мерзімінде рейд жұмыстарын жүргізуді, құқық бұзушылықтардың алдын алуда мектеп директорлары тарапынан қатаң бақылауға алуды жүктеді.

Сонымен бірге құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне, тиісті мекеме, бөлім басшыларына оқушылар мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуді тапсырды.

Д.БАҚЫШЕВ.

\* Президент тапсырмасын орындай отырып...

## «Тиімді көмек» халыққа

Мемлекет басшысы өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы барлық азаматтардың өтініштеріне жедел және тиімді әрекет етуге бағытталуы тиіс екенін атап өткен болатын. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл

үйінде «Тиімді көмек» атты акциясы болып өтті. Акция барысында ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыс бойынша департаменті, облыстық полиция департаменті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы, Қарағанды облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері мен облыстық басқармалар жұмыс тобымен халыққа жедел құқықтық



ретте жер жерде белгіленген кестеге сай әр деңгейдегі әкімдер мен сала басшылары тұрғындармен ұдайы кездесулер өткізіліп келеді. Соның бір парасы Қарағанды облысы әкімдігі мен облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен аймақ көлемінде өтіп жатқан «Тиімді көмек» акциясы.

7 ақпан күні аудандық мәдениет

көмек көрсету, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, қолданыстағы заңнаманың нормаларын түсіндіру, елдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында ауыл тұрғындарымен кездесу өткізіп, жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

Өз тілішімізден.







## Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қорғалуда

Мемлекеттік қызметшілердің еңбекті, денсаулықты қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар. Бұл ретте, азаматтармен қоса мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау, олар бұзылған жағдайда қалпына келтіру Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің қызмет бағыттарының бірі болып табылады.

Департаментпен 2023 жылы мемлекеттік қызметшілердің еңбек демалысына шығу мәселесіне талдау жүргізіліп, қорытындысы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның талаптарына қайшы жекелеген мемлекеттік органдарда жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының бір бөлігі демалыс ұзақтығының күнтізбелік екі аптасынан кем болғандықтан, 4 қызметшінің құқықтарының бұзылуына жол берілген. Сондай-ақ, 12 қызметшіде 2020-2023 жылдары аралығында еңбек демалысының толық күндерін пайдаланбау салдарынан 49-71 күнге дейін күндер жиналып қалған.

Бұдан бөлек, заңнама талаптарына қайшы мемлекеттік қызметшіге іссапар шығыстарын негізсіз төмендету фактісі орын алған. Анықталған кемшіліктер Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтары қалпына келтірілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту мәселесі Департаменттің жіті бақылауында. 2023 жылы мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік органдарда жұмыс уақыты режимін сақталуына мониторинг жүргізу функциясы берілді.

Мониторинг мемлекеттік органдарға бару, қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесін талдау арқылы жүргізіледі. Бүгінгі күні облыс көлемі бойынша аталған жүйе 40% мемлекеттік органдарда орнатылған, оның ішінде 46% «E-kuzmet» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған.

Бекітілген жоспарға сәкес 2023 жылдың екінші жартыжылдығына мемлекеттік органдарға бару арқылы 62 мониторинг жүргізіліп, 16 үстеме жұмыс жасау фактісі анықталған. Департаменттің хаты негізінде мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органға жұмыс уақытын режимін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабы бойынша әкімшілік іс қарау функциясы берілді.

Департаментпен 2023 жылы бір мемлекеттік органның басшысы қарамағындағы қызметшіні тиісті актісіз үстеме жұмысқа тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған болса, мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқығы қалпына келтірілген.

Департаментпен аталған бағытта жұмыс өз жалғасын табатын болады. Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары бұзылған жағдайда Департаментке келесі мекенжай бойынша жүгінуге болатынын хабарлаймыз: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, телефон 8 (7212) 50-40-75 (немесе e-Otinish платформасы арқылы).

Департаментпен аталған бағытта жұмыс өз жалғасын табатын болады. Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары бұзылған жағдайда Департаментке келесі мекенжай бойынша жүгінуге болатынын хабарлаймыз: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, телефон 8 (7212) 50-40-75 (немесе e-Otinish платформасы арқылы).

Б.Макеев,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы.

## Қызмет алушылардың құқығы бірінші орында

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы бақылау және қадағалау, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу және қызмет алушылардың бұзылған құқығын қалпына келтіру болып табылады.

Бұл бағытта Агенттікпен және аумақтық департаменттерімен былтырғы жылы жүзден астам қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Соның ішінде, Қарағанды облысының Приозерск қаласының тұрғынының бұзылған құқығы қалпына келтірілді. Атап айтқанда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне қызмет алушы Приозерск қаласының тұрғыны тұрғын үйді жекешелендіру қызметі бойынша бұзылған құқықтарын көрсете отырып шағым білдірді. Шағымды қарау барысында қызмет көрсетушімен мемлекеттік қызмет көрсету қағида талаптарының бұзылғандығы, яғни қызмет алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесі келісім шарт уақытылы ұсынылмағандығы анықталды.

Департамент қызметкерлерінің араласуымен қызмет алушыға мемлекеттік қызмет нәтижесін алуға қол жеткізіліп, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Басқа бір жағдай бойынша, қызмет алушы мүгедек баланы асыраушысы бола тұра, құжат рәсімдеуде заңмен қарастырылған жеңілдікті пайдалана алмаған.

Аталған факт бойынша Департамент қызметкерлері тексеріс жүргізіп, нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету ақпараттық жүйенің жетілдірілмегендігінен қызмет алушыдан мемлекеттік баж төлеу міндеттелгендігі анықталды. Бұл бойынша Департаментпен орталық мемлекеттік мекемелерге тиісті хаттар жолданып, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Яғни, қызмет алушы заңнамада көзделген жеңілдікпен құжат рәсімдеуге қол жеткізді. Жоғарыда аталған ақпараттық жүйедегі кемшілік республика көлемінде орын алып отырғандықтан, Департаментпен уәкілетті мемлекеттік мекемелерге ақпараттық жүйені жетілдіру қажеттілігі туралы хаттар жолданды.

Егерде мемлекеттік қызмет алу кезінде осыған ұқсас құқықтарыңыз бұзылған болса Сіз де мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгіну арқылы өз құқықтарыңызды қорғай аласыз.

А.Абдикаримов,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы

## \*Сыбайлас жемқорлық

### Қоғам дертімен қарқынды күрес

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп, небір тегеурінді қарсылықтарға қарамастан, қайда көп қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жа-йып, бүгінге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын қатты алаңдатып отырғаны анық. Таяуда аудан әкімі Руслан Кенжебековтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлықпен күрес, оның алдын алу бойынша кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері, мекеме, бөлім басшыларының қатысуымен түсіндірме жұмыс жүргізілді.

–Әрине, сыбайлас жемқорлық шауып тастайтын өсімдік емес, бұл тамырын тереңге жайған, қор-шаған ортаның сау органдарын шырмап, тынысын тарылтатын қауіпті кесел. Әйтсе де, бұл дертпен қоғам болып күресіп жатқанымыз белгілі. Әрбір адам ар-намысы, абыройының алдында таза боламын деп өмірлік ұстаным ұстанса ешқашан жемқорлыққа жол

бермейтіні анық. Сонымен қатар заң алдында барлығының мәртебесі тең екенін ешқашан естен шығармаған абзал. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, жас мемлекетіміздің буынын берік ұстаймыз десек, уақыттан туындаған түрлі кеселдерден айығуды міндетті күн тәртібіне айналдырғанымыз жөн, – деп сөз сабақтаған өңір басшысы тиісті лауазым иелеріне барлық сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы тұруға, оған тап болған жағдайда іс-қимыл тәртібін түсіндірді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті түсіндіріп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу профилактикалық шараларын жүргізу, заңдылығын сақтау, автокөлік құралдарын қызметтік мақсатта пайдалану, бюджет қаржысын игеру, жер заңдылығын сақтау, сыбайлас жемқорлық фактілерін алдын алуда жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырды.

Думан ҚАБЫЛ.

## \*Спорт

### Аудан спортының бәсі жоғары

Ақтоғайлық спортшылар байрақты бәсекелерде аудан намысын абыройлы қорғап, аудан атын асқақтатуда. Әсіресе, күрес, тоғызқұмалақ түрлері мен ұлттық спорты бойынша бәсіміз биік. Футбол, волейбол, бокстан да жетістігіміз көп. Әрине, мұндай жемісті жетістіктердің артында ауданның спорт саласы мамандары мен жаттықтырушыларының өрелі еңбегі бар.

Таяуда облыс орталығы Қарағанды қаласындағы Нұркен Әбдіров атындағы спорт сарайында кикбоксингтен 2012-2013, 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер мен жастар арасында

Қарағанды қаласының Чемпионаты болып өтті. Аталған жарысқа

бақ сынап қайтты. Қалалық біріншілік бәйгесінде сынға түскен

салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Қуаныш Айдос үшінші орынды қанжығалады.

Сондай-ақ, Қарағанды қаласында өткен Тоғызқұмалақтан жастар арасындағы облыс чемпионатында жастарымыз топ жарды. Аудан намысын қорғаған Боранбай Сымбат классикадан II-орын, блицтен III-орын, Жарылғасын Аружан классикадан III-орын иеленді. Алдағы уақытта Боранбай Сымбат Өскемен қаласында өтетін Қазақстан чемпионатында аймақ намысын қорғамақ.



Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Шашубай кенті бойынша бокс үйірмесінің 3 оқушысы

жастарымыз жақсы нәтижеге қол жеткізді. Нұрлан Асанали бірінші орын иеленсе, Ермахан Диас жүлделі екінші орынға табан тіреді. Өз

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі.

## Хабарландыру

«Golden sky» /Голден-Скай/ ЖШС «Еңбекші» кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспары» жоба бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдар бойынша (Шығарындылардың рұқсат етілген нормативтері (ШРЕН), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІЖ)) қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

**Әсер ету аумағы:** Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Құсақ ауылдық округы.

**Әсер ету аймағының географиялық координаттары:** 48°32' N, 76°22' E.

**Учаскенің географиялық координаттары:** 1) 48°33'40,6" с.е., 76°21'12,5" ш.б.; 2) 48°33'46,6" с.е., 76°21'12,4" ш.б.; 3) 48°33'47,6" с.е., 76°21'24,5" ш.б.; 4) 48°33'47" с.е., 76°21'34" ш.б.; 5) 48°33'43" с.е., 76°21'43" ш.б.; 6) 48°33'37" с.е., 76°21'43" ш.б.; 7) 48°33'36" с.е., 76°21'20" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 18 наурызда сағат 15:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Құсақ ауылдық округы, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15 («Береке» клубы) мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us02web.zoom.us/j/87012968193?pwd=elg1N0R4dFJlQm0wNTBvQWFsTklnUT09>

**Конференция идентификаторы:** 870 1296 8193. Кіру коды: 221708.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Golden sky" /Голден-Скай/ ЖШС, ҚР, Темиртау қ., Қарағанды көшесі, 160-ғимарат / БСН: 050140004679. Директоры: Қасымжанов А. М. Байланыс: e-mail: goldensky2005@mail.ru, тел.8 (701) 760-17-22.

**Әзірлеуші:** "РД Инжиниринг" ЖШС, ҚР, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 58а, 41, 14Б. БСН: 140440027549. Өкіл: Храпова Г.Ю. байланыстар: e-mail: ecolog.krg@mail.ru, тел. 8 (705) 103-7335.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://ecportal.kz> "жарияланған тыңдаулар" бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде. Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты электрондық мекенжай бойынша сұратуға болады: [rde.kz@mail.ru](mailto:rde.kz@mail.ru) және тел.: 8(7212) 41-20-21.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ "Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ мына мекенжайлар бойынша: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел: 8 (7212) 56-81-66.

## Объявление

ТОО «Golden sky» /Голден-Скай/ объявляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявке на получение экологического разрешения навоздействию по проекту «План горных работ на месторождении «Еңбекші» (Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ)).

**Территория воздействия:** Карагандинская область, Ақтоғайский район, Кусакский сельский округ.

**Географические координаты территории воздействия:** 48°32'N, 76°22'E.

**Географические координаты участка:** 1) 48°33'40,6" с.ш., 76°21'12,5" в.д.; 2) 48°33'46,6" с.ш., 76°21'12,4" в.д.; 3) 48°33'47,6" с.ш., 76°21'24,5" в.д.; 4) 48°33'47" с.ш., 76°21'34" в.д.; 5) 48°33'43" с.ш., 76°21'43" в.д.; 6) 48°33'37" с.ш., 76°21'43" в.д.; 7) 48°33'36" с.ш., 76°21'20" в.д.

Общественные слушания состоятся: 18 марта 2024 года в 15:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Кусакский сельский округ, с. Кошкар, ул. Мәдениет, 15 (клуб «Береке»).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us02web.zoom.us/j/87012968193?pwd=elg1N0R4dFJlQm0wNTBvQWFsTklnUT09>

Идентификатор конференции: 870 1296 8193. Код доступа: 221708.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Golden sky» /Голден-Скай/, РК, г. Темиртау, улица Қарағанды, строение 160/ БИН: 050140004679. Директор: Касимжанов А.М. Контакты: e-mail: goldensky2005@mail.ru, тел. 8 (701) 760-17-22.

**Разработчик:** ТОО «РД Инжиниринг», РК, г. Караганда, пр. Бухар-Жырау, 58а, 41, 14Б. БИН: 140440027549. Представитель: Храпова Г.Ю. Контакты: e-mail: ecolog.krg@mail.ru, тел. 8 (705) 103-7335

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по электронному адресу: [rde.kz@mail.ru](mailto:rde.kz@mail.ru) и тел.: 8(7212) 41-20-21.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) и г. Караганда, ул. Лободы, 20, тел: 8 (7212) 56-81-66.

## Қос бауырым аңқылдаған...

Бәрі баяғыдай, таңда атады, күнде батады. Маңайдағы тіршілік өз заңымен дөңгелеп жүріп жатыр. Тек біздің әулетте уақыт тоқтап қалғандай. Көз алдымызға екі жылдың ішінде ғайып болған қос бауырымыз... Уақыт емші деп жатады. Жооқ. Олай емес. Уақыт тек қимас жандардың енді еш-қашан оралмайтынын мойындататын алып күш. Мойындаймыз, бірақ көне алмаймыз.

Біздің Ардақ медучилищені бітірісімен туған жеріне оралып, соңғы күніне дейін еліне адал қызмет етті. Оған куә Ақтоғай халқы. Міне, екі-үш жылдан соң зейнеткерлікке шығамын дегенде, өмірі үзіліп кете барды. Қаншама адамның дертіне арашашы болған бауырымыз өзіне келгенде дәрменсіз болды. Мүмкін, махаббат деген осы шығар, жолдасы Қозы екеуінің қайту арасы 10 күн ғана еді. Көне алмаймыз деуім артық шығар, мойындаймыз. Алланың ісіне құлдық етеміз де.

Ардағымды жоқтап жылап жүргенде, тосыннан Жарқыннан да айырылып қалғанымыз жанымызды есенгіретіп жіберді. Кеше ғана құрбы-құрдастың алды болып, жарқ-жүркі етіп жүрген Жарқынмыз... Отырған жері той-думан, жасаған ісі көңілге қонымды, әзілкеш, терең ойлы... Жарқын да пединститутты аяқтаған бетте туған еліне бір кірпіш болып қаланып, ұстаздық етті.

Еңбегің елге ерен, даңқың дара  
Ұстаздық салып кеткен жолың сара  
Қамқор боп отбасыңа бәйтерек боп  
Шамшырақ боп жағылдың көкте ғана

Бауырым, қанатымдай сыңар болған  
Кеудемдегі жүрекке тұмар болған  
Сен мен үшін тірісің мәңгілікке  
Көңілдерде жарқын бейнен, тірі қалған...

Айтады ғой, тек рухы мықты адам ғана жоғалтқан адамының орнына басқа жан іздемейді деп. Үнірейіп тұрған орынды еске алу, адалдығын жоғалтпау арқылы ғана толтыру мүмкіндігі бұйырған екен шы-

найы тұлғаға. Бірақ, ол үшін тұлға болу керек екен...

Сағынып еске аламыз, қылықтарын айтып, біресе күлеміз, біресе жылаймыз. Ата-анамыз өз өмірімен көрсеткен дара жолмен келе жатырмыз, бірақ ортамызда Бекзат пен Ильясымыз, Ардақ пен Жарқынмыздың жоқтығы ойсырап, жанымызға батып, көзімізге сағыныш жасын толтырады. Барлық саналы ғұмырын балаларына жақсы тәрбие мен білім беруді мақсат еткен жандар болды. Қазірде бәрінің отаулары бар, немерелері өсіп келеді. Алланың көзі дұрыс болып, ендігі ұрпақтар аман болса екен деп тілейміз.

Бауырым, бауыр етім, бірге туған,  
Белесі көңілімнің шында тұрған  
Бірге өскен тумысымнан, қатар өсіп  
Шіркін-ай, өткен күндер, күндер думан...

Жарқын мінез, жаз дидарлы - жайдарлым  
Ақ көңілді, иман жүзді, айбарлым  
Сен - күн едің шаңырақта төгілген  
Сол көңілде қазір қалды қаяу мұң

Орның бөлек, қалды толмас үлкен дерт  
Сағыныштан жас тамады жанардан  
Ойладық па, меңдер деп айықпас дерт  
Орындалмас қалады деп қанша арман

Бауырым, қинайды ойлар жанды ауыртқан  
Өзіңсіз тар боп кетті ауа жұтқан  
Жүреkte өшпес орның тұрған кезде  
Тірісің, көңілдерде жақын тұтқан

Басымызды иіп Алладан сендерге иман тілейміз,  
ұрпақтарыңның амандығын сұраймыз. Алла пана-сына алысын, бауырларым!

Бауырларымызды қадірлеп, барлық қайғымызға ортақтасқан Ақтоғаймының халқына алғысымыз шексіз.

Шакізат Молдашқызы.

## Еске алу



Сәуле ауылының тумасы, адал жар, қамқор ана, досқа сыйлы, бауырға жанашыр болған **Сағынаева Гүлшайра** досымыздың өмірден өткеніне 10 жылдай уақыт зымырап өте шықты. Қайран, өмір-ай, біреуге ерте, біреуге кеш әйтеуір

бір келетін ажал, оны бар-жоғы 57 жасында ортамыздан алып кетті. Ол осы өмірдің келте екенін ерте түсінген досымыздың бірі, бірегейі деуге де болады. 1990-2000 жылдар аралығындағы қиындықта мұқалмай, балаларын оқытып, аяғынан тұрғызып, бір-бір диплом иесі атандырып, енді қызығын көрем дегенде бұл дүниемен қоштасып кете барды. Шүкір, қазір балалары мәнді де сәнді ғұмыр кешуде. Тек алтыңға балайтын қамқор анасы қастарында жоғы болмаса... Тағдырға не шара?! Өмір ғой келу бар, кету тағы бар. Мына өлең жолдары оның аруағына арналады:

Он жыл өтті бақилыққа кеткелі,  
Ауыр болды-ау, өмірінің өткелі.  
Ұл-қызы жетіп бақытына кезелетін шағында,  
Құшағына алды сені туған жердің бөктері.  
Қолды жайып дұға ету бек тегі, – дей отырып,  
мінгенің пырақ болсын, жаққаның шырақ болсын,  
топырағың мамық болсын, қараңғы жерін жарық болсын.  
Артыңдағы жолдасы, балаларына ұзақ ғұмыр берсін дейміз!

**Еске алушылар: достары - Аманбала, Қарлығаш, Сара.**

Ақтоғай ауданының білім бөлімінің ұжымы аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Стамбеков Дарханға анасы **Қаскенова Қазиза** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасыларына, туған-туыстарына көңіл айтады.

## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті Сәкен Ұлтықеев!

Сізді келіп жеткен 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Өміріңіз қашанда көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын.

Сізге шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Саягүл екеуіңіз немере, шөбере қызығына тоймай ұзақ ғұмыр кешіңіз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Алпыстың да асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз

**Ізгі тілекпен: бажаларың – Нұрлан-Нәзигүл, Сағат-Бақытгүл, қайынағаң–Мағзұм-Салтанат, балдызың – Берік-Зәуре.**



## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, асқар тау әке, аяулы жар, немерелерінің сүйікті атасы Мұрат Елегенұлы!

Сізді пайғамбар жасы 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса

керек. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Өзіңіздің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан сіздің саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере-жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасында алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз.

Ардақты әкемізге ғұмырыңыздың әрбір сәті нұрға толсын деп көзіңіздің нұры – балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығына бөленіп, Бағдат анамызбен шаттыққа толы ғұмыр кешіңіз дейміз. Туған-туыс пен дос-жаранның арасындағы қарым-қатынасыңыз тек жақсылыққа толы болсын.

Зейнеткерлік жасына қадам бастың, Асқар таудай әкешім, қамқорың сен. Қуанамыз, шаттанып, бақ табамыз, Ойнап-күліп әкешім өзің жүрсен.

**Ақ ниетпен: балаларыңыз – Қуат-Мадина, Шыңғыс, жиендеріңіз–Азиз, Айбар, осы тілекке анамыз Бағдат та қосылады.**



## Құттықтаймыз!

Құрметті Қақабаев Мұрат Елегенұлы

Сізді 63 жасқа келген туған күніңізбен, зейнет жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Бастысы сізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақыт тілейміз.

Сіз қырық жыл ғұмырыңызды ұрпақ тәрбиелеуге ұстаздыққа арнаған ардақты жансыз. Сізден тәлім алған талай-талай шәкірттеріңіз еліміздің түпкір-түпкірінде сүбелі еңбек жасап жүр, әрине білім нәрімен сусындатқан ұстазға деген айтар алғыстары шексіз. Әркез біз сізді мақтан тұтамыз, мерейіңіздің үстем болуына тілектеспіз. Құрметті, Мүрке сонымен қатар сізді Отан қорғау жолында әскери қызмет атқарған «Ауған Демократиялық Республикасынан кенес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күніне – 35 жыл» атаулы күнімен қатар келген мерекемен құттықтаймыз. Отан қорғау жолында да жанқиярлықпен әскери қызмет атқарғаныңыз, ұлтжандылығыңыз әрбір жастың жүрегіне патриоттық сезім ұялатады, һәм үлгі.

Келген мерейжасыңыз құтты болсын ортамызда ардақты аға, ақсақалды ата болып, немере-шөберелеріңіздің ортасында ғасыр жасаңыз.

Абырой амандығы арта берсін, Бақ-дәулет қызығымен қатар келсін. Қонағың жақсы көрген жиі келіп, Таусылмас дәм-тұзыңды тата берсін.

**Құрметпен: Қазтай аға, Қанат-Бақыт, Болат-Бақша, Балқашбек-Алтынқұл, Нұрланбек-Гүлден, Мейірбек-Айнұр, Сағынбек-Гүлшат, Мадина, Гуля, Гүлнұр, Ернұр-Маржан, Елдос-Нұрай.**



## Құттықтаймыз!

Құрметті сыйлас көршіміз Айткүл Абайқызы!

Сізді мерейлі 60 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге мәнді де мазмұнды ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, Сәткенмен бірге бала-шаға, немере-шөберенің қызығын қызықтап жүз жасаңыз дейміз. Әркез сыйластығымыз, көршілік пейіліміз арта берсін.

Күміс күлкі жүзіңізден арылмасын, Болсын дейміз әрдайым ұзақ жасың. Отбасыңа тілейміз біз амандық, Жаратқан дәйім сізді жарылқасын.

**Құрметпен көршілеріңіз: Марат-Шайза, Болат-Бұлбұл, Мейрам-Сақыпжамал, Тишжан-Роза, Қайыр, Қуаныш-Мамық, Қуандық-Бибігүл, Қанат-Әлия**



## Құттықтаймыз!

Қадірлі ағамыз Мұрат Елегенұлы!

Құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтседағы пайғамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Еткен

еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. “Ағасы бардың – жағасы бар” – деген сөз бар халқымызда. Бүгінде өркен жайған алып бөйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегісіз. Өз бақытын, қуанышын өз перзенттеріңіздің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы әкесіз. Өзіңіздің өнегелі өмір соқпағында сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар, бауырға деген ілтипатыңыз ерекше. Біз, сізді жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні сізге денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деген тілегімізді арнаймыз. Әрқашанда мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын. Отбасының алтын дінгегі болған жан-жарыңыз Бағдатпен бірге жасап, бақыттың бағында ұл-қызыңыздың қызығын бірге көріңіз. Құрметті демалысыңыз 100 жасқа ұлассын. Зейнет жасыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, отбасының немерелеріңіздің ортасында бақытқа толсын.

**Ақ тілекпен: Иса-Ләззат, жиендеріңіз – Дәурен-Ақмарал, Дархан-Әсел, Айғаным.**



## Құттықтаймыз!

Құрметті сыныптасымыз Жармағанбетова Қарлығаш Рахманқызы!

Сізді мерейлі жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге өмірдің бар бақыты мен шаттығын тілеп, әр таңыңыз жақсылықпен атып, әр жылыңыз қуанышқа толы болсын. Қадам басқан белесіңіз бақыт, шаттықпен өрілсін. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат пен көтеріңкі көңіл тілей отырып, тың күш-қуатпен биік белестерді бағындырып, балалар мен немерелер қызығын көруге Алла нәсіп етсін.

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт, Келе берсін басыңызға бақ күліп. Шаттықпен көріп таңның арайын, Жаратушы төксін игі жақсылық.

**Құрметпен: сыныптас достарың – Иса-Ләззат, Қанат-Бақыт, Сағат-Бақытгүл, Мүкәрәм-Камел.**



## Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық “Aqtogai ajary” газеті редакциясында 3\*4, 5\*6, 10\*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алығы хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. татсырыс бере аласыздар!



**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: Думан Қабыл

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта aqtogai\_red@mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**

